

ҚАСИЕТТІ МӘТІНДЕР ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҚАҚТЫҒЫС КӨРІНІСІНЕ ДИСКУРСИВТІ ТАЛДАУ

Әбубәкірова Арайлым Есімханқызы
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан

التَّحْلِيلُ الْخَطَابِيُّ لِتَجَلِّيَّاتِ الصِّرَاعَاتِ اللُّغَوِيَّةِ فِي تَارِيخِ النُّصُوصِ الْمُقَدَّسَةِ

أبو بكروفا أرايلىم يسيمنخانوفنا
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

ДИСКУРСИВНЫЙ АНАЛИЗ ЯЗЫКОВЫХ КОНФЛИКТОВ В ИСТОРИИ СВЯЩЕННЫХ ТЕКСТОВ

Абубакирова Арайлым Есимхановна
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Казахстан г. Алматы,

DISCURSIVE ANALYSIS OF LANGUAGE CONFLICTS IN THE HISTORY OF SACRED TEXTS

Abubakirova Arailym Yesimkhanovna
Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

Аңдатпа. Берілген зерттеу қасиетті мәтіндердің тарихи даму барысындағы тілдік қақтығыстың сипатын және олардың әлеуметтік-мәдени контекстегі рөлін анықтауға бағытталған. Қасиетті мәтіндердің лингвистикалық ерекшелігін дискурсивті талдау арқылы олардағы тілдік қақтығыс түрлерін, себептерін және салдарын анықтау жұмыстың мақсаты ретінде қарастырылады.

Зерттеудің негізгі бағыттары. қасиетті мәтіндердегі көптілділік пен полисемияның рөлі; мәтіндердегі идеологиялық қақтығыстың тілдік көріністері; түрлі діни конфессиялар мәтіндеріндегі тілдік ерекшелікті салыстырмалы талдау тақырыбында өрбиді. Зерттеу нәтижелері қасиетті мәтіндердің лингвистикалық және мәдени тарихын тереңірек

түсінуге, сондай-ақ заманауи дінаралық қатынастағы тілдік мәселелерді шешуге ықпал етеді. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи, дискурсивті және лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында қасиетті мәтіндердегі тілдік қақтығыстың негізгі себептері, олардың тарихи даму барысындағы өзгерістері анықталды. Сондай-ақ мәтіндердегі тілдік құралдардың идеологиялық мақсатта қолданылуының ерекшелігі анықталды. Зерттеу қасиетті мәтіндерді зерттеу саласына жаңа көзқарастар ашып, осы бағыттағы болашақ зерттеулерге негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері дінтану, лингвистика және мәдениеттану саласындағы мамандар, сондай-ақ дінаралық диалогты дамытуға қызығушылық танытатын жалпы ізденімпаз оқырман қауым үшін пайдалы болмақ.

Түйін сөздер: қасиетті мәтіндер, тілдік қақтығыс, дискурсивті талдау, салыстырмалы талдау.

المُلخَص: تهدف هذه الدراسة إلى تحديد طبيعة النزاعات اللغوية ودورها في السياق الاجتماعي والثقافي أثناء التطور التاريخي للنصوص المقدسة. كما تسعى الدراسة إلى تحليل أنواع النزاعات اللغوية وأسبابها ونتائجها من خلال تحليل خطابي للخصائص اللغوية للنصوص المقدسة. تتناول المحاور الرئيسية للدراسة الموضوعات التالية: دور التعدد اللغوي والتعدد الدلالي في النصوص المقدسة؛ المظاهر اللغوية للنزاعات الأيديولوجية في النصوص؛ تحليل مقارن للخصائص اللغوية في نصوص الطوائف الدينية المختلفة. تساهم نتائج البحث في فهم أعمق للتاريخ اللغوي والثقافي للنصوص المقدسة، وكذلك في حل القضايا اللغوية في العلاقات بين الأديان في العصر الحديث. استخدمت الدراسة مناهج تحليلية مقارنة، تاريخية وخطابية ولغوية. وخلصت إلى تحديد الأسباب الرئيسية للنزاعات اللغوية في النصوص المقدسة وتحليل تطوراتها عبر التاريخ. كما سلّط الضوء على كيفية استخدام الوسائل اللغوية في النصوص لأهداف أيديولوجية. تفتح الدراسة آفاقاً جديدة في مجال دراسة النصوص المقدسة وتشكل أساساً للبحوث المستقبلية في هذا الاتجاه. وتعدّ نتائجها مفيدة للمتخصصين في مجالات علم الأديان واللغويات والثقافة، وللمهتمين بتعزيز الحوار بين الأديان **الكلمات المفتاحية:** النصوص المقدسة، النزاعات اللغوية، التحليل الخطابية، التحليل المقارن.

Abstract. The purpose of this study is to determine the nature of language conflicts in the historical development of sacred texts and their role in the socio-cultural context. The purpose of the work is to determine the types, causes and consequences of language conflicts in sacred texts through a discursive analysis of linguistic features. The main areas of the study are developed within the framework of the following topics: the role of multilingualism and polysemy in sacred texts; linguistic manifestations of ideological conflicts in texts; comparative analysis of linguistic features in the texts of different religious denominations. The results of the study contribute to a deeper understanding of the linguacultural history of sacred texts, as well as to the solution of linguistic problems in modern interreligious relations. The study used comparative historical, discursive and linguistic methods of analysis. In the course of the study, the main causes of language conflicts in sacred texts and their changes in the course of historical development were determined. The features of the use of linguistic means in texts for ideological purposes were also determined. The study can open new perspectives in the field of sacred texts and provide a basis for future research in this direction. The results of the study will be useful to specialists in the field of religious studies, linguistics and cultural studies, as well as to a wide inquisitive readership interested in the development of interreligious dialogue.

Keywords: sacred texts, language conflicts, discourse analysis, comparative analysis.

Аннотация. Целью данного исследования является определение природы языковых конфликтов в ходе исторического развития священных текстов и их роли в социокультурном контексте. Цель работы – определить виды, причины и последствия языковых конфликтов в священных текстах посредством дискурсивного анализа языковых особенностей. Основные направления исследования развиваются в рамках следующих тем: роль многоязычия и многозначности в священных текстах; языковые проявления идеологических конфликтов в текстах; сравнительный анализ языковых особенностей в текстах разных религиозных конфессий. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию лингвокультурной истории священных текстов, а также решению языковых проблем в современных межрелигиозных отношениях. В исследовании использовались сравнительно-исторический, дискурсивный и лингвистический методы анализа. В ходе исследования были определены основные причины языковых конфликтов в священных текстах, их изменения в ходе исторического развития. Также определены особенности использования языковых средств в текстах в идеологических целях. Исследование может открыть новые перспективы в области священных текстов и обеспечить основу для будущих исследований в этом направлении. Результаты исследования будут полезны специалистам в области религиоведения, лингвистики и культурологии, а также широкой любознательной читательской аудитории, заинтересованной в развитии межрелигиозного диалога.

Ключевые слова: священные тексты, языковые конфликты, дискурсивный анализ, сравнительный анализ.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі және тандау негіздемесі. Қасиетті мәтіндер – әлемдік діндердің негізі болып саналатын, миллиондаған адамдар үшін рухани бағыт-бағдар беретін қазына. Осы мәтіндердің тілдік ерекшелігі мен олардың тарих бойындағы өзгерістері әлі де толықтай зерттеуді қажет етеді. Әсіресе қасиетті мәтіндердің аударылуы, түсіндірілуі барысында туындайтын тілдік қатығыс және оның салдары көптеген ғалымның назарын аударуда. Сол себепті зерттеу тақырыбының өзектілігі діндер арасындағы диалог пен түсіністіктің қажеттілігіне байланысты. Қасиетті мәтіндердің дәл мағынасын анықтау, олардың әртүрлі мәдениетте қабылдануына әсер ететін факторларды зерттеу – бұл үрдістегі маңызды қадамның бірі. Тілдік қатығысты талдау қазіргі әлемдегі көптілділік пен мәдени көпкүйлілік

жағдайындағы коммуникация мәселелеріне жаңа көзқарас ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: Қасиетті мәтіндер тарихындағы тілдік қатығысты дискурсивті талдау арқылы олардың пайда болу себебін, түрін және салдарын анықтау. Осы мақсатқа сай мына **міндеттер** айқындалды. Қасиетті мәтіндердің аударылуы мен түсіндірілуі барысында туындайтын тілдік мәселелерді анықтау; дискурсивті талдау әдістерін қолдана отырып, қасиетті мәтіндердегі тілдік қатығыстың сипатын анықтау; тілдік қатығыстың діни және мәдени контекстегі рөлін зерттеу; қасиетті мәтіндердің қазіргі әлемдегі қабылдануына тілдік қатығыстың әсерін бағалау.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында мынадай **әдістер** қолданылды: дискурсивті талдау (қасиетті мәтіндердің тілдік ерекшелігін, олардың контексте

қолданылуын және әлеуметтік маңызын зерттеу үшін қолданылатын кешенді әдіс; салыстырмалы тілтану (әртүрлі тілдегі қасиетті мәтіндердің аудармалары мен түсіндірмелерін салыстыру арқылы олардағы айырмашылықты анықтау); тәжірибелік лингвистика (тілдік корпустарды пайдаланып, қасиетті мәтіндердегі тілдік құбылыстарды сандық және сапалық тұрғыдан талдау). Зерттеу үшін Құран, Інжіл, Тора сияқты әлемдік діндердің қасиетті мәтіндерінің түпнұсқасы мен олардың әртүрлі тілге аударылған нұсқасы талдауға алынады. Сонымен қатар қасиетті мәтіндерді түсіндіруге арналған әртүрлі пікір мен зерттеулерге сүйенеміз.

Бұл зерттеудің **ғылыми жаңалығы** – қасиетті мәтіндердегі тілдік қақтығысты дискурсивті тұрғыдан кешенді түрде талдауға бағытталуында. Зерттеу нәтижелері қасиетті мәтіндердің аударылуы мен түсіндірілуі барысында туындайтын мәселелердің теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығын көрсетеді. Қасиетті мәтіндердегі тілдік қақтығыстың пайда болу себептері, түрлері және салдары туралы тұжырымдаймыз. Сонымен қатар қасиетті мәтіндердің қазіргі әлемдегі қабылдануына тілдік қақтығыстың әсерін бағалауға мүмкіндік беретін ғылыми негізделген қорытындылар алынды.

Зерттеу тақырыбына қатысты әдебиеттерді талдау барысында, тілдің рәміздік күшін талдау мақсатында Pierre Bourdieu «Language as a social tool», дискурс пен мәнмәтінге әлеуметтік және когнитивтік талдау жасау үшін Teun A. van Dijk «Discourse analysis and social context», дискурс талдамасы үшін Norman Fairclough «Discourse analysis methods», дін мен сиқырдың арақатынасы туралы Keith Thomas «Historical development of religion and magic», шынайылықтың әлеу-

меттік құрылымын қарастыру үшін Peter L. Berger and Thomas Luckmann «Social construction of knowledge and reality» секілді еңбектер негізге алынды.

Нәтижелер және талқылау

Кез келген жаңа діннің дінгеі болатын әлем жайлы негізгі білім қасиетті жазбаның мазмұнын құрап, Құдай жіберген елші уағыздарының мәні болады, сонымен қатар бұл мазмұнды жазбаша күйде сақтау – жеткізілетін білімнің нақтылығы мен дәстүр беріктігінің кепілі. Әдетте ілім жазбаша күйге оны жеткізуші негізгі адам дүниеден өткеннен кейін түсіріледі. Кейбір діни сенімдерде, мысалы, конфуцийшілдікте ілімді жеткізушінің өзі хатқа түсіреді. Десек те жазба діни дәстүрлер тарихында міндетті түрде қасиетті мәтіндердің дұрыстығы мен нақтылығына қатысты, алғашқы қайнар көзбен сәйкестігіне байланысты мәселелер кешені туындап отырады. Мұндай сұрақтар тобын жалпы екі бағытқа бөлсек, біріншісі – мәтіннің дұрыс қабылдануы, дұрыс жазылып алынуы, көшірілуіне қатысты күмәндар; екіншісі – қасиетті мәтіндердің жиынтығына қатысты күмәндар (жоғалып кеткен нұсқалары, тараулары, маңызды бөліктері болған жоқ па, қастандық жасалған бөліктері болған жоқ па?). Дінге сенушілер үшін оның негізгі ақиқаты мен талабы жазылған мәтіндердің қаншалықты маңызды екенін ескерсек, әрбір діни сенім өз жазбаларын тек хатқа түсіріп қоймай, оны барынша кодификациялауға тырысатындығын түсінеміз. Кодификациялау деген термин шығу тегі бойынша заңгерлік ғылымға жақын және заңдардың бірегей заңнамалық жүйеде келіспеушілікті жойып, бос орынды толтырып, ескірген ережелерді жойып топтастырылуын білдіреді. Ал діндер тарихында кодификация шіркеу басшы-

лары өткізген, шіркеу мақұлдаған профессионалды кітаптар реттілігі ретінде түсіндіріледі, реттеудің «микро», «макро» деңгейлері де қамтылады: 1) мәтін құрылысының, яғни сөйлемдердің, сөздердің реттілігін, дұрыстығын бекіту; 2) мәтіндер тізімінің, жалпы қасиетті жазба мазмұнының дұрыстығын бекіту. Екінші макро деңгейге қатысты келісімге келу оңайырақ, ал микро деңгейдің мәселелері тым күрделі, сан қырлы болуы мүмкін. Мысалы, «Көне өсиет» мәтіндерінің канондық тізімі біздің заманымыздың I ғасырында бекітілгенімен, толық мәтінінің канондық нұсқасын жасап шығару он төрт ғасырға жуық мерзімді алған.

Діни канонға жататын мәтіндер уақыт өте келе танымал болып, маңызы арта бастайды. Қасиетті мәтіндер – оларды жеткізген тұлғалар секілді адамзат тарихында ерекше орын алатын құбылыс. Қанша ғасыр бойы қазір біз білетін қасиетті кітаптар сансыз таралымда басылып шығарылуда. Ең көп аударылатын, ең көп сатылатын, ең жиі сыйланатын, ең көп оқылатын, ең көп жатталатын, ең көп үйретілетін, ең көп зерттелетін кітаптар да – осы діни кітаптар. Діни кітаптардағы мәтіндерден, сөз тіркестері мен сөйлемдерден өнер туындылары, халық ұстанымдары, дәстүрлері бастау алады. Қаншама ғасырлық тарихы бар мәтіндер әлі де зерттеліп, әлі де жаңалықтарға негіз болуда. Себебі қаншалықты зерттелген, оқылған болса да, бұл жазбалардың тарихында жұмбақ тұстар көп. Мысалы, жоғарыда аталған Көне өсиеттің Септуагинтаға прототип болған көне нұсқасында 11 мәтін артығырақ болған. Жаңа өсиетте де мұндай мәселелер кездеседі. Қазіргі канондық кітаптарда апостолдар кезеңінде ауызекі таралған, бірақ қатты қорғалмағандықтан, мүмкін сенімді болмағандықтан канондық кітаптарға

кірмей қалған мәтіндер туралы меңзеліп болсын айтылады. Мұндай мәтіндер жиынтығынан құралған кітаптарды апокрифтер деп атаймыз. Осындай канондық кітаптарға енбеген мәтіндер мен апокрифтердің болуы христиан дінінің канондалған мәтіндері жалғыз болмағанын, аяқасты осы күйінде пайда бола салмағандығын көрсетеді. Қазіргі біз танитын діни кітаптар діннің тарихындағы шетсіз, шексіз ізденістер мен үлкен еңбек нәтижесінің тек қандай да бір сәтті оқиғалар жиынтығының арқасында бізге жеткен шағын бөлігі ғана. Ондай сәтті оқиғалардың ең негізгісі – мәтіндердің канонға қосылуы. Діндер тарихында қасиетті мәтіндердің канондық немесе канондық емес болуына қатысты пікірталастар ілім орнығып, шарықтау шегіне жеткенде пайда болады. Бар ілімді реттестіріп, жүйелеуге тырысу иудаизмдегі раввиндер үшін «Заң айналасында қоршау тұрғызу» деп аталады. Бұл қоршауды олар, біріншіден, ілімді теориялық тұрғыда меңгеріп, догматтарды қалыптастырып, теологияны құру, екіншіден, бар мәтіндерді кодификациялау арқылы тұрғызады. Мәтіннің канондық болу-болмауына тікелей оның авторының беделі әсер етеді. Оның елшіге хронологиялық тұрғыда жақын болуы – жазбасының дұрыстығының кепілі. Әрине, басқа да талаптар болады, бірақ автордың діни ортадағы беделі мен өмір сүру кезеңі үлкен маңызға ие. Христиан мәтіндерінің канондалуы осы критерийге сай жүзеге асырылған. Соның нәтижесінде «канондық мәтіндер», «апокрифтер», «терістелген кітаптар» секілді терминдер пайда болды. Ал ислам дінінде Қасиетті мәтіннің канондалуы туралы мәселе болмаған. Себебі Құран жеткізілген ғасырында-ақ қатаң кодификациядан өтіп, қалыптасқан, толыққанды еңбек болған. Канондалу мәселесі Пайғамбардың сүн-

нетіне қатысты бой көрсетті. Кез келген хадис жеткізгісі келген адам иснад жүйесіне жүгінуі керек, яғни өзінен бастап, осы хадисті естіген, көрген адамдар тізбегін пайғамбардың өзіне не оның қасында болған тұлғаға дейін жеткізе алуы керек және бұл тізбекте сенімсіз, күмәнді адамдар болмауы тиіс. Иснад жүйесі тек қасиетті мәтіндерді жеткізуде емес, мұсылман әлеміндегі діни білім беруде, алуда да кеңінен қолданысқа ие. Діни ортадағы ғалымның дәрежесі оның білім алу жолындағы иснадында бар ғалымдар беделіне тікелей қатысты.

Жалпы қасиетті жазбаларға негізделген мәдениеттерде белгілі бір ақпаратты «кім айтқаны» үлкен маңызға ие. Пифагор кезеңінен бастап, пікір білдірудің *ipse dixit* (ең жоғарғының өзі айтты) деген ұстанымы танымал. Діни мәтіндерді жеткізуде бұл принцип маңызды ақпараттың үлкен көлемін ұзақ уақыт өзгеріссіз сақтау үшін қолданылады. Ғылыми ортада, ғылыми зерттеулер үшін бұл принцип маңызды әрі сенімді бола алмағанымен, діндарлар үшін «Пайғамбар айтты», «Иса айтты», «имам солай деді» деген секілді тіркестер іс-әрекеттеріне бағдар беретін негізгі тірек.

Діни ілімдердің қалыптасуында тек хронология емес, коммуникативті логика да бар. Бұл ілімнің таралуының логикасы оның жаңа елдер мен мекендерге, түрлі жастағы, түрлі әлеуметтік деңгейлердегі адамдар арасында таралуын, ілімнің кеңеюі мен тереңдеуін, ішкі құрылысының қалыптасуын қамтиды. Жаңадан келген діни ілімнің ретсіз, тұрақсыз ұсыныстарының арасынан дінбасылар мен ерушілер мәндердің иерархиясын айыра бастайды. Діннің белгілі бір ілімдері мен қасиетті мәтіндердің белгілі бір тұстарының маңыздылығы, негізгі қызметі жайлы түсінік қалыптаса бастайды.

Ілімнің белгілі бір құрамдас бөліктері негізгі, өзгертуге келмейтін мән ретінде танылады. Діннің жаңа ортада таралуы мен мазмұндық дамуы өзара байланысты. Қабылдаушы тараптың белсенділігі діни ілімде жаңа пікірлер мен ойлардың қалыптасуына себеп болады. Сонымен бірге ілімнің жаңа ортаға бейімделуі де жүзеге асады. Жаңа қоғам жаңа дінді қабылдау барысында өзінің тарихы, дәстүрі, діліне қатысты діннің рәсімдеріне, рәміздеріне кейбір өзгерістер енгізуі мүмкін. Өз кезегінде дін де сол халықтың мәдениетіне орасан зор әсерін тигізеді. Дін әкелген жаңа ілім, жаңа сұрақтар, жаңа мәселелер мен олардың шешімдері халықтың өз өмір салтын соларға қатысты бейімдеп өзгертуін талап етеді.

Конфессионалды әдебиет жанрларының қалыптасуында әртүрлі дін арасында ортақ заңдылық бар. Жанрлар құрамы және олардың қалыптасу кезеңдеріне қатысты ұқсастықтарды біле отырып, бір осы жанрлар қалыптасуының негізгі бағыттарын бөліп көрсете аламыз: 1) ауызекі таралған ілімнің хатқа түсуі. Бұл жанрлық емес, қарым-қатынас бейнесіндегі өзгеріс және осы өзгеріс діннің коммуникативті құрылысына өте үлкен ықпалын тигізеді; 2) діни канонның қалыптасуы. Канонға қосылмаған кітаптар мен канондық жазбалар арасында хронологиялық, жанрлық, тақырыптық қарсылық туындайды; 3) Қасиетті жазбадан кейінгі екінші орынды алатын және оған түсіндірме беретін беделді мәтіндер корпусының қалыптасуы. Әдетте бұл жазбаларға да қасиеттілік дәрежесі беріледі; 4) теология мен дінтанудың дамуы. Теология бастауын қасиетті жазбалардан алуы мүмкін. Себебі оның негізгі ұстанымдары сол жазбалардағы ережелер мен талаптарға негізделеді. Бірақ енді өзгермейтін қасиетті жазба-

лармен салыстырғанда теология үнемі үздіксіз даму үстінде болады; 5) шіркеу иерархиясын қасиетті мәтіндер негізінде ілімнің қысқаша мазмұны – сенім рәмізі мен катехизис секілді құжаттар дайындайды. Бұл – қалыптасқан конфессияның ең жауапты және бейнелеуші жанрлары. Осы тектес құжаттар және ең негізгі делінетін 2-3 дұға сенушілердің барлығына белгілі сенім білдірудің ең төменгі шегін қамтиды; 6) құлшылық барысында қолданылатын мәтіндер. Құлшылықтың дұрыс атқарылуына арналған арнайы дұғалар шағын кітапшаларда жинақталады; 7) мистикалық-эзотерикалық мәтіндер жиынтығы. Әрбір дінде қандай да бір деңгейде осындай мәтіндер кездеседі және оған негізделген діншілдік бағыттар, ағымдар туындайды; 8) уағыз-насихат барлық жазба мәтіннен бұрын пайда болған. Осы уағыз арқылы Құдай жіберген ақиқат сенушілерге жеткізіледі. Сол арқылы дін адамдар санасында, қоғамда өмір сүре бастайды. Әр конфессияда уағыз-насихаттың түрлері, әдіс-тәсілдері, жеткізілу жолы әртүрлі болады; 9) қасиетті жазбаларға түсіндірме беру. Әрбір дін өзінің қасиетті мәтіндерін өзгеріссіз, ең бастапқы күйінде сақтауға тырысады және оларға сакрал дәрежесін береді. Сол себепті мәтін мәнін күнделікті адамдар өміріне бейімдеу үшін оны түсіндіру қажет болады. Бұл түсіндірмелер жинақтала келе тәпсір секілді арнайы жанрға айналады; 10) қасиетті мәтіндер негізінде құқықтық ережелердің қалыптасуы. Кейбір діндердің қасиетті жазбалары нақты құқықтық тыйымдар мен талаптардың жиынтығын қамтиды. Олар өз кезегінде дін өмір сүріп жатқан мемлекеттің тек діни емес, зайырлы өміріне де, ондағы заңдар мен заңнамалық жүйелерге де өз ықпалын тигізуі мүмкін; 11) қасиетті мәтіндерді негізге ала отырып, тек кон-

фессионалды емес, зайырлы, аралас кейіптегі әдебиеттердің пайда болуы. Шіркеулік мәселелер, тақырыптар дидактика, полемика, тарих, филология, т.б. салалар мәселелерімен біріктіріле жаңа әдеби жанрдың бастауы бола алады (Мечковская, 1998: 86-95).

Әрбір дінде қарым-қатынастың негізгі екі бағыты болады: 1) Құдайдан елші не кітап арқылы адамдарға бағытталған; 2) адамдардан елші, құлшылық арқылы Құдайға бағытталған. Бірінші жағдай елші қабылдайтын, еститін ақиқаттың хатқа түскен күйі қасиетті жазбаларға және ауызша жеткізілетін уағыз-насихатқа байланысты болса, екіншісі құлшылық, дұға, тілектерге негізделген. Осы екі бағыт өкілі діни коммуникацияның негізгі жанрлары ретінде қарастырылады. Ал біз жоғарыда тоқталған өзге жанрлардың барлығы екінші деңгейлі ретінде сипаттауға келеді. Діни коммуникацияның қалыптасу мен даму бағытында ассимметрия болады. Ақиқат жалғыз Құдайдан бір немесе санаулы елшілер арқылы көпшілікке жеткізіледі. Оның таралу үдерісінде түсініспеушілік, толық қабылдамау, қате жеткізілу орын алуы мүмкін болғандықтан, қарым-қатынастың бұл бағыты ерекше назарға алынып, асқан ыждаһатпен сақталады, бақыланады. Ал керісінше адамдардың Құдаймен қатынасы кері байланыстың айқын әрі нақты болмауынан қиындықтарға тап болады. Дұға етіп, құлшылық жасаған адам өз дұғасының, тілегінің, сұрауының жауабын бірден ала алмауы мүмкін. Ол тіпті өз құлшылығы мен дұғасы қабыл болуы не болмауынан да бейхабар. Сондықтан құлшылық ету барысында сенуші өз сенімінің шынайылығы мен жасап жатқан іс-әрекеттерінің ережелер мен талаптарға сай болуына аса ерекше мән береді және соның дұрыс болуынан үміттенеді. Сон-

дықтан діни коммуникацияда негізгі екі психологиялық және семиотикалық ұстаным қалыптасқан: белгі мен таңбаларды еш шартсыз қабылдау және біз жоғарыда атаған *ipse dixit* ұстанымын не оның аналогияларын (иснад секілді) басшылыққа алу. Ал діни коммуникация мазмұны, әдістері дамуындағы ішкі логика негізгі қасиетті жазбаның мәнін сақтауға және үздіксіз кеңейіп, толысып, өзгеріп отыратын сенушілер тобына толыққанды жеткізуге бағытталады және келесідей міндетті үрдістер негізінде жүзеге асады: 1) ілімнің ішкі құрылымы қалыптасады: мәтіндердің белгілі бір реттілігі, иерархиясы қалыптасады, ілімнің негізгі өзегі догматтарға айналдырылады және міндетті, өзгертілмейтін болып танылады. Діни мәннің құрылымын қалыптастыратын негізгі қарама-қарсы жанрлар келесідей: а) діни орында, құлшылық барысында қолданылатын шығармалар және конфессионалды, бірақ құлшылыққа жарамайтын мәтіндер; ә) қасиетті деп танылатын кітаптар және конфессионалды болғанымен қасиетті емес кітаптар; б) шіркеу өзгермейді деп таныған мәндер мен сенімге қатысты тарихи тұрғыда өзгеріске ұшырай беруі мүмкін мәндер; 2) діни канонның қалыптасуы жүзеге асады; 3) ілімнің негізгі мәнін сақтай отырып, кеңінен таратуға бағытталған коммуникативті механизмдер қалыптастырылады: өсіп келе жатқан ұрпаққа ақпаратты жеткізу тәсілдері; жеткізу мен түсіндірудің танымал әдістері; 4) діни коммуникацияның жүзеге асырылуын бақылайтын эксплицитті, сыртқы механизмдер қалыптастырылады: шіркеулік цензура, арнайы конфессионалды редакциялау, конфессионалды мәтіндердің қоғамдағы айналымын реттейтін арнайы ережелер.

Қасиетті жазбаларға негізделген мәдениеттерде мәтіндердің белгілі бір

иерархиясы болады. Барлық мәтіннің дәрежесі бірдей емес, оларды тарату мен пайдалануға, жеткізуге, басқа тілдерге аударуға қатысты түрлі талаптар мен ережелер жиынтығы қалыптастырылған. Олардың діндарлар арасындағы беделі тым жоғары, таралымын есептеу мүмкін емес және бұл мәтіндер сол қоғам өмірінің басқа салаларына тікелей ықпал етеді. Мысал ретінде орта ғасырлардағы православиелік әдебиеттегі жанрлар иерархиясын келтірсек: 1) конфессионалды әдебиет: литургиялық (құлшылық барысында қолданылатын мәтіндер); канондық (қасиетті жазбалар); «Псалтирь», «Апостол», «Евангелия», уағыз-насихат әдебиеті; агиография (әулиелер өмірі); дидактикалық әдебиеттер (катехезистер); 2) конфессионалды-зайырлы әдебиет: шіркеулік-шешендік, полемикалық; 3) зайырлы әдебиет.

Мирча Элиаде өз еңбектерінің бірінде діндер тарихын «жалпы герменевтика» деп атаған болатын (Элиаде, 2000: 14). Бұл теңеуді екі түрлі мағынада түсінсек болады: 1) діндер тарихын таңбаларды міндетті әрі тұрақты жалпы герменевтикалық талдау арқылы түсінуге болады; 2) діни саладағы тарихи үдерістің негізгі факторы – діни коммуникация аясындағы таңбалар мен таңбалар жүйесін әртүрлі түсіну. Герменевтикалық мәселелер діни коммуникацияның барлық деңгейінде кездеседі және оның техникалық, методологиялық негізі филологиялық сипатта болады. Діни коммуникация барысында филологиялық немесе герменевтикалық жұмыстың үш түрін, соған сәйкес түсінуге қатысты пайда болатын діни қақтығыстың үш негізгі қайнарын бөліп көрсете аламыз: 1) мәтінді басқа тілге аудару; 2) мәтін интерпретациясы; 3) мәтін редакциясы. Бұл үш үдеріс барысында да туындаған мәселелер түсінуге қатысты

болады: аудармашы мәтін тіліндегі өзі түсінген ақпаратты аударма тілінде жеткізеді, оның интерпретациясын жасаушы өз түсінігіне сай қосымша ақпараттар не сілтемелер беру арқылы мәтінді кеңейтеді, редакциясын жасаушы мәтінге өзінде бар ақпараттар негізінде өзгерістер енгізеді. Хронологиялық тұрғыда бұл қызметтерден өзге әрі бұрынырақта қасиетті мәтіндер корпусын қалыптастыру қызметі болған. Бұл қызмет те діни қақтығыстың туындауына әсер еткен. Кейбір кітаптардың мойындалып, канонға кіруі, кейбірінің одан тысқары қалуы түрлі діни топтың қалыптасып, өзара қақтығысқа түсуіне негіз болып отырды. Десек те, діни канон мәселелері діннің қалыптасуының алғашқы ғасырларында ғана болатындықтан, қазіргі кезеңде өзекті емес. Ал жоғарыда аталған үш негізгі қызметі – нақты әрі соңғы шешімі жоқ тұрақты филологиялық мәселелердің шығу тегі.

Діни канон тарихындағы ең негізгі филологиялық коллизия – қасиетті мәтіндер аудармасын жасау. Діни ілімді жаңа, өзге тілді халықтарға жеткізуші миссионерлер алдында екі түрлі таңдау болды: дінге сенушілерге қасиетті жазбалар тілін үйрету керек пе, әлде осы жазбаларды олардың өз тіліне аударып түсіндіру керек пе? Дінді толығымен түсініп, қабылдау үшін оның негізін, яғни мән-мағынасын қамтыған құжатын – қасиетті жазбасын жергілікті халықтың тіліне аудару ең дұрыс жол екені түсінікті. Бірақ аударма жасау барысында «қасиетті жазба өз дәрежесін, деңгейін сақтап қалады ма, оның мазмұны толығымен жеткізіледі ме, ішіндегі мағынасы жоғалып кетпейді ме?» деген секілді мәселелер бой көрсетеді. Ислам және иудаизм секілді қасиетті жазбалар беделіне негізделген діндерде оларды аудару мәсе-

лесінің айқын шешімі немесе үкімі бар: аударма тек жазбалар мәнін шамамен түсіну үшін ғана жасалады және құлшылық барысында қолданылмайды әрі қасиетті мәтін ретінде танылмайды. Ал дәл осылай қасиетті жазба беделіне негізделген христиандықта аударма мәселесі өзгеше шешілген. Ерте христиандық дәуірде миссионерлер Жаңа өсиет кітаптарын II-VII ғасырлар аралығында сирия, копт, эфиопия, гот, армян, грузин секілді тілдерге аударып, таратты. Бірақ дінге қатысты консервативті көзқарастардың қалыптасуы, өзгеше ойлаушыларды қабылдамаудың бастау алуына байланысты қасиетті жазбаның аудармасына да сақтықпен қарау үрдісі белең алды. IX ғасырда Кирилл мен Мефодийдің жазбаларды ескі славян тіліне аудару әрекеті батыстық епископат тарапынан қатты қарсылық көрді. Бұл қауіптенудің негізі де болды. Христиандықтар үшін аударма тек танымдық еңбек емес, қасиетті жазбаның өз тілдеріндегі аналогы, тіпті қасиетті жазбаның нақ өзі саналып, құлшылық барысында қолданылады. Ал оның жергілікті халық тілінде болуы ілімнің сол менталитетке, дәстүрге, қоғамдық заңдылықтарға сай дамып, өзгеруіне, жаңа бір бағыттарының пайда болуына себепкер екенін тарих көрсетеді. Әсіресе Реформация дәуірі аударма жасау үрдісінің өзектілігін арттыра түсті. Римнің үлкен қарсылығын тудырған бұл үрдіс христиан тарихында қаралы кезеңдердің бірі ретінде қарастырылады. Оксфордтық профессор Джон Уиклиф папаға тәуелсіз ағылшын шіркеуінің жақтаушысы болып, өз бастамасымен Библияны алғаш рет толыққанды 1382 жылы ағылшын тіліне аудартып шығады. Бірақ папа Григорий XI және ағылшын епископтарының соборы оны дағтап, тіпті өлімінен соң да 1415 жылы еретик деп танып, сүйектерін

өртеуді талап етті. Уильям Тиндаль атты ағылшын шіркеу қызметкері Жаңа өсиет пен Мұсаның бес кітабын ағылшын тілінде басып шығарған. Католиктік сот оны тұншықтырып, өртеп жіберуге үкім шығарған.

Сөздердің мағынасын түсінуге қатысты діни сенімде пайда болған қақтығысқа мысал ретінде христиан дініндегі ең танымал догмат – үштік Құдай туралы ілімді қарастырсақ. Бұл ілім IV ғасырда қалыптасты және христиан сенімінің негізі әрі ең басты теологиялық мәселесі болды. Сонымен қатар ол құпия және ақыл деңгейінде түсіну мүмкін емес догмат (Белов, 1994: 108). Христиан іліміне сәйкес қасиетті үштік Құдайдың үш түрлі бейнесі: Өке Құдай, Бала Құдай, Қасиетті Рух. Олар жаратылмаған, тумаған, біртекті, бір құдайлық болмысқа ие және өзара тең. Ал Арий деген діни қызметкер Бала Құдайды Өке Құдай жаратқан, сондықтан ол Құдай емес, Құдайдың жаратқаны, бірақ құдайлық күшке ие, сол себепті екінші құдай деп атауға болады дейді. Ал Қасиетті Рухты Бала Құдай жаратқан, сондықтан ол Өке Құдайдың немересі деп аталады (Белов, 1994: 123). Қазіргі шіркеу ғалымдары Арийдің бұл теориясы Бала Құдайдың Өке Құдайға бағыныштылығы туралы мәтіндерге шектен тыс мән берілгеннен, яғни қасиетті мәтінді дұрыс емес түсіндіргеннен шыққан деп топшылайды. Арийді I Ғаламдық Никей соборы 325 жылы даттап, ол қудалауда қаза болды. Ариандыққа қарсы шешімдер II Ғаламдық Константинополь соборында да қабылданған еді. Ариандық бағыт VI ғасырға қарай өз салмағын, маңыздылығын жоғалтқанымен, үштікті түсіндірудегі Батыс және Шығыс шіркеулері арасындағы айырмашылықтар христиан дініндегі Сенім рәмізінің өзі екі түрлі

болуына себепкер болды. Батыстық шіркеу филиокве түсінігін қосты: Бала Өкеден кіші, Қасиетті Рух Өкеден де, Баладан да шығады. Бұл түсінікті Августин қорғады. Бұрынғы Қасиетті Рух Өкеден шығады деген түсінікке ол «Баладан да» деген сөзді қосу арқылы, Сенім рәмізіне осы өзгерісті енгізді. Оны 589 жылғы Толедо соборында бекітті. Дәл осы догматтағы айырмашылық кейіннен 1054 жылы христиан шіркеуінің батыстық және шығыстық болып бөлінуіне алғышарт болды. Шығыстық шіркеу өкілдері филиоквені: «Қасиетті Рухты Өке мен Баладан төменірек деп санау арқылы Христтың өзін де төмендетуге бастайтын, танымның шектілігін мойындау арқылы адам үшін жер бетіндегі, осы дүниедегі мықты, еш кемшіліксіз шіркеудің қажеттілігін бекітіп, Рим папасы басқаратын иерархиялық ұйымды міндеттейтін, соның нәтижесінде арғы дүниені ұмытып, дүниелік артықшылыққа, техника, капитализм, империализм, релятивизм мен жойылуға ұмтылатын қоғам қалыптастыратын түсінік», – деп сипаттайды (Лосский, 1991: 362).

Қасиетті жазбалардың конфессионалды тұрғыда бекітілген ақиқаты белгілі бір діни мәселелердің қатаң белгіленген нақты түсінігін көрсетеді. Сенушілерден кейбір ақиқаттарға санамен, ақылмен емес, жүрекпен сену талап етіледі. Бірақ осы жазбалардың тарих толқынында өзгеріске ұшырап отыратын түсіндірмелері мәтіндерді түсінудегі тарихи, адами факторлардың рөлі жоғары екендігін көрсетеді. Мысалы, Н.А. Бердяев өзі жайлы «қасиетті жазбаларды сырттан, тарихтан, дәстүрден» қабылдай алмайтындығын айтатын (Бердяев, 1991: 169). Тарихи қасиетті жазба рух мистикасының рәмізі ғана және адамзат санасы мен әлеуметтік орта жағдайына шектеулі болады. Еван-

гелия тілдерінде де адами шектеулілік бар, құдайлық жарық адами қараңғыға, қыңырлыққа жұтылған (Бердяев, 1991: 300). Сонымен бірге Н.А. Бердяев адами және тарихи шектеулілікті догматтарға да теліді.

Қайта өрлеу дәуірінде пайда болып, дамыған кітап басу, одан кейінгі ақпараттық және баспа салаларындағы ашылулар мен жаңа технологиялар, филологиялық зерттеулердің нәтижелері қасиетті мәтіндердегі тілдік қақтығысты шешудің жаңа, жеңіл әрі кең жолын, әдістерін ұсынды. Кітап баспасы мәтіндерді көшіруде, көбейтуде нақтылықтың, сенімділіктің болуына көмектесті. Теологиялық зерттеулер филологиялық әдістер мен құралдарды қолдану арқылы мәтіндегі мағыналар мен мәндерді барынша айқын көрсетуге, оларды маңыздылығына, қабылдауға, түсінуге ыңғайлы болуына қарай (катехизис, суретті дін тарихы, дұға кітапшалары, мұсылман қорғаны секілді) бөліктерге жүйелеуге септігін тигізді. Заман тудырған мәселелеріне қарай қасиетті жазбалардан табылып жатқан жауаптар бұл мәтіндер герменевтикасы әлі де аяқталмағанын көрсетеді. Аудармасы да тұралап қалмайды, себебі әрбір аудармашы өзінше мән беріп, жаңа мағыналар шығара алады. Мысалы, С.С. Аверинцев Иисус Христостың таудағы насихатының «Рухы кедейлер бақытты, себебі оларда Аспан патшалығы бар» деген тұсын «Өз еркімен кедейлер немесе өз рухының қалауымен кедейлер» деп аударуға болатындығын жазады. Мұндай аударма өз еркімен қиналуды «рухани өмірдің негізгі сипаты» ретінде көретін осы насихаттың сипатымен де үндеседі.

Өркениеттер мен жазулардың тарихы көне жазулар және жазудың жаңа жүйелері көп жағдайда діни мақсаттарға арналып жасалғанын көрсетеді. Ал өлі

тілдер мен жазу дәстүрі жұтаң тілдердің жазба ескерткіштері, тіпті тек культтік мәтіндермен шектеледі. Мысалы, Пасха аралында табылған жазулы тақтайшаларда культтік және мифологиялық жырлар көрсетілген таңбалар бейнеленген. Заманауи оңтүстік америкалық өркениетті емес халықтарда табылған идеографикалық жазбаның бастаулары евангелиялық қиссалар, католиктік катехизистер секілді жазбаларды білдіреді (Фридрих, 1979: 192-206). Ежелгі еврей жазуы консонантты, яғни тек дауыссыз дыбыстарды көрсететін әріптерден тұратын болған. Соның нәтижесінде жазбаларды оқу қиын әрі сан түрлі болуы мүмкін еді. VII-VIII ғасырларда масореттар жазба дәстүрінің реформасын жасап, алдыңғы буында қандай дауысты дыбыс оқылуы керек екенін көрсететін жол үстіне қойылатын таңбалар жүйесін енгізді. Бұл таңбаларды олар «оқудың анасы» деп атады. Еврейлер тарихындағы жазбалар ең көне библиялық дереккөзден де бұрын пайда болғанымен, олардың жетілуі әрі реттілікпен қолданылуы осы масореттар реформасының нәтижесі еді (Гельб, 1982: 163).

Қасиетті жазбаларды жергілікті халықтың тіліне аудару – сол тілдің әлеуметтік тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Бұл аударма диалекттен жоғары, жалпыұлттық әдеби тілдің материалдық-тілдік базасы ретінде қызмет ететін. Мысалы, Мартин Лютердің, Вук Караджичтің аудармалары, танымал алты томдық Кралиц Библиясы осы жазбаның алғашқы аудармалары болмағанымен, аудармашылар беделіне, стилистикалық артықшылығына байланысты дұрыс, әдеби сөйлеудің, жазудың үлгісі ретінде қабылданды. Қасиетті жазба ең көп оқылатын, ең көп жатқа айтылатын кітап болғандықтан, оны жергілікті халықтың тіліне аудару сол халықтың тілдік қоры мо-

лайып, жазба дәстүрі, ауызекі әдебиеті, тілдік стильдері кеңінен дамуына ықпал етті. А.С. Пушкин Евангелиені «әрбір сөзі талқыланған, түсіндірілген, жердің барлық шетінде насихатталған, өмірдегі барлық жағдаятқа, әлемдегі барлық оқиғаға қолдануға келетін» кітап ретінде сипаттаған (Пушкин, 1949: 99). Христиан іліміне негізделген мәдениеттер тілдерінде «библеизмдер» деген сөздер тобы бар және олар кеңінен қолданылады. Ал жоғары күштерге қарата тіл қату күнделікті өмірдегі ауызекі тілдесуден бөлек, ерекше стильді талап еткендіктен, сөйлеудің арнайы кейпі қалыптастырылды. Қасиетті жазбалар мәтіндерінің иерархиясы, қасиетті кітаптар иерархиясы тілдің стилистикалық дифференциациясына негіз болды.

Көне өсиетке қарасақ, ежелгі иудейлер қасиетті тіл мен дүниелік тіл арасында айырмашылық жасамаған. Құдайдың қандай да бір ерекше тілі болмау керек, ол адамдармен адамдар тілінде сөйлеседі. Бірақ кейінгі иудейлер бұл тілді тікелей түсінуден, оны қолданудан шет қалды. Христиандықта да негізі әу баста солай болған. Кейінгі әулие әкейлер кезеңі жазба тілін қасиетті дәрежеге көтерді. Ал протестанттар жазба тілін қасиетті деп емес, Құдаймен қарым-қатынас құралы ретінде сипаттауға көшті. Ал ислам дінінде Құранның тілі – қазіргі кезеңге дейін түсінікті әрі қолданыстағы ең таза, дұрыс, әдеби араб тілінің үлгісі.

Қорытынды

Зерттеудің негізгі мақсаты қасиетті мәтіндердің тарихи даму барысындағы тілдік қақтығыстың сипатын, себептерін және салдарын дискурсивті талдау әдісі арқылы анықтау болды. Зерттеу нәтижесінде қасиетті мәтіндер тарихындағы тілдік қақтығыстың кең ауқымды көрінісі

анықталды. Бұл қақтығыс көбінесе діни, идеологиялық және саяси себептерге байланысты болды. Тілдік қақтығыстың негізгі көрінісіне мыналар жатады:

- Мәтіндерді аудару кезіндегі мәселелер: мәтін мазмұнының дәл берілуі, мәдени контекстің сақталуындағы қиындық.

- Түсіндірулер мен интерпретациялардың әртүрлілігі: мәтіндердің көпмәнділігі және оларды түсіндірудегі субъективті факторлардың әсері.

- Жаңа терминологиялардың пайда болуы және ескілерінің қайта қаралуы. Діни ілімдердің дамуына байланысты тілдің үздіксіз өзгеріп отыруы.

- **Тілдік нормалардың өзгеруі:** әлеуметтік-мәдени өзгерістерге байланысты тілдік нормалардың да өзгеруі.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қасиетті мәтіндер тарихындағы тілдік қақтығыс – тек тілдік құбылыс ғана емес, сонымен қатар тарихи, әлеуметтік және мәдени үдерістердің күрделі өзара әрекеттесуінің көрінісі. Тілдік қақтығыс діни ілімдердің таралуына, жаңа діни ағымдардың пайда болуына және діни қауымдастық арасындағы қатынасқа айтарлықтай әсер еткен.

Алынған нәтижелер келесі бағыттағы зерттеулер үшін негіз бола алады: **әртүрлі діннің қасиетті мәтіндеріндегі тілдік қақтығысты салыстырмалы талдау; қасиетті мәтіндердің аудару теориясы мен практикасын зерттеу; қасиетті мәтіндердің қазіргі қоғамдағы рөлі мен әсерін зерттеу.** Бұл зерттеудің нәтижелері дінтану, лингвистика, әдебиеттану және басқа да гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін. **Қорытындылай келе,** бұл зерттеу қасиетті мәтіндер тарихындағы тілдік қақтығыстың күрделі және көп қырлы құбылыс екенін көрсетті. Алынған нәтижелер осы саланы одан әрі зерттеу үшін жаңа бағыттар ашады.

Әдебиеттер

- Архимандрит Алипий (Кастальский-Бороздин) и архимандрит Исая (Белов). (1994). Догматическое богословие: Курс лекций: Свято-Троицкая Лавра. – 288 с.
- Бердяев, Н.А. (1991). Самопознание (Опыт философской автобиографии): Книга, [1949]. – 448 с.
- Гельб, И.Е. (1982). Опыт изучения письма (Основы грамматики): Радуга. – 367 с.
- Лосский, Н.О. (1991). История русской философии: Сов. писатель. – 480 с.
- Мечковская, Н.Б. (1998). Язык и религия. Лекции по филологии и истории религий: ФАИР. – 352 с.
- Пушкин, А.С. (1949). [Рец. на кн.:] Об обязанностях человека. Сочинение Сильвио Пеликко // Поли. собр. соч. – Т. XII. – С. 99.
- Фридрих, И. (1979). История письма: Наука, – 463 с.
- Элиаде, М. (2000). Образы и символы // Элиаде М. Избранные сочинения: Миф о вечном возвращении. Образы и символы. Священное и мирское. – С. 14.
- Berger, Peter L. and Luckmann, Thomas. (1966). Social construction of knowledge and reality. – London: Penguin Books. – 230 p.
- Bourdieu Pierre. (1991). Language as a social tool // Polity Press. – 328 p.
- Dijk Teun A. van. (2008). Discourse analysis and social context // Cambridge University Press. – 2008. – 384 p.
- Fairclough, N. (2003). Discourse analysis methods. – London: Routledge. – 296 p.
- Keith. (1971). Historical development of religion and magic. – London: Penguin Books. – 736 p.

References

- Arhimandrit Alipij (Kastal'skij-Borozdin) and arhimandrit Isaja (Belov). (1994). Dogmaticeskoe bogoslovie: Kurs lekciij / Svyato-Troickaya Lavra. – 288 s. [In Russian].
- Berdyaev, N.A. (1991). Samopoznanie (Opyt filosofskoj avtobiografii). – M.: Kniga, [1949]. – 448 s. [In Russian].
- Berger Peter L. and Luckmann Thomas. (1966). Social construction of knowledge and reality. – London: Penguin Books. – 230 p.
- Bourdieu Pierre. (1991). Language as a social tool // Polity Press. – 328 p.
- Dijk Teun A. van. (2008). Discourse analysis and social context // Cambridge University Press. – 384 p.
- Eliade, M. (2000). Obrazy i simvol'y // Eliade M. Izbrannyye sochineniya: Mif o vechnom vozvrashchenii. Obrazy i simvol'y. Svyashchennoe i mirskoe. – S. 14. [In Russian].
- Fairclough, N. (2003). Discourse analysis methods. – London: Routledge. – 296 p.
- Fridrih, I. (1979). Istoriya pis'ma. – Nauka. – 463 s. [In Russian].
- Gel'b, I.E. (1982). Opyt izucheniya pis'ma (Osnovy grammatologii). – Raduga. – 367 s. [In Russian].
- Keith. (1971). Historical development of religion and magic. – London: Penguin Books. – 736 p.
- Losskij N.O. (1991). Istoriya russkoj filosofii. Sov. pisatel'. – 480 s. [In Russian].
- Mechkovskaya, N.B. (1998). Yazyk i religiya. Lekcii po filologii i istorii religij. FAIR. – 352 s. [In Russian].
- Pushkin, A.S. (1949). [Rec. na kn.:] Ob obyazannostyah cheloveka. Sochinenie Sil'vio Pelikko // Poli. sobr. soch. – T. XII. – S. 99. [In Russian].